

## 2009 жылы халықты жұмыспен қамту саласындағы азаматтарды әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шаралар туралы

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Қашыр аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 18 мамырдағы N 144/4 қаулысы. Павлодар облысы Қашыр ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 27 мамырда N 12-8-70 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облысы Качир аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 3 маусымдағы N 168/4 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Качир аудандық әкімдігінің 2010.06.03 N 168/4 қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабы 1 тармағы 13, 14 тармақшаларына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5 бабының 2 тармағына, 7 бабының 6 тармақшасына сәйкес, тұрғындардың әлеуметтік қорғаусыз санаттағы жұмыссыздарын әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамтуда көмек көрсету мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Тұрғындардың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесі б е к і т і л с і н :

дәрігерлік–консультативтік комиссиясының анықтамалары бойынша ш е к т е у л е р і б а р т ұ л ғ а л а р ;

бірде-бір жұмыс істейтін отбасы мүшесі жоқ аз қамтылған отбасылардағы жұ м ы с с ы з д а р .

2. Қосымшаға сәйкес "Качир ауданының N 11 кәсіптік лицейі" мемлекеттік мекемесінің, Павлодар қаласының кәсіптік лицейлері, колледждерінің, студенттері мен оқушыларына ұйымдар мен кәсіпорындарда екі айлық сынақтан өту төлемінің мөлшері бекітілсін.

Сынақтан өту "Качир ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жолдамасы бойынша іске асырылады, төлеу "Жұмыспен қамту бағдарламасы. Тұрғындарды жұмыспен қамту саласындағы азаматтарды әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шаралар" 002.102 бағдарламасы бойынша жүргізіледі.

3. Качир ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 29 сәуірдегі "2008 жылы тұрғындарды жұмыспен қамту саласында азаматтарды әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша іс-шаралар туралы" N 137/4 қаулысы жойылсын.

4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн

